**Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебі"КММ**

# «Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы кентінің Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебі"КММ-нің мектеп кітапханасында 2022 -2023 оқу жылында өткізілген іс-шара есебі.

Кітапханашы: Накипова Н.Н
Кітапханашы: Сатбаева Г.Я

| | Мектеп | 2022-2023 оқу жылында алынған оқулықтар | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Оқулықтар саны | Оқулықтар суммасы | Көркем әдебиеттер саны | Көр әдебиет суммасы |
| 1 | И.Құтпанұлы атындағы орта мектеп» КММ | **2409** | **5178180тг** | **43** | **167255тг** |

«Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы кентінің Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебі"КММ-нің мектеп кітапханасында 2022 -2023 оқу жылында өткізілген іс-шара есебі.

**Оқырмандар құрамы:**

1-4 сынып оқушылары 537
5-9 сынып оқушылары 593
10-11 сынып оқушылары 98
Мұғалімдер саны - 106
Басқалар -32

Кітаппен қамтамасыз етілу 100 пайыз.

Аз қамтылған отбасы оқушылары 100% оқулықтармен қамтылды.

Жаңадан 2 оқулықтар келді.

Мектеп кітапханасы жұмыс кестесі бойынша жұмыс істеуде. Кітапхана іші заман талабына сай жабдықталған.

Мектеп кітапханашылары мен сынып жетекшілермен тығыз байланысты болып біраз іс-шаралар ұйымдастырылды.

1 қыркүйек ЖОЛДАУ 2022 ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ

Мектеп ұжымы Жолдаудағы ұсыныстар ең өзектілерін қамтыған, әсіресе биыл кезектен тыс Президент сайлауын өткізуге берген ұсынысы өте орынды әрі болашаққа жасалған нық қадам екенін атап өтті. Сонымен қатар қазіргі қоғамда кеңінен сөз болып жүрген мәселенің бірі әйелдердің зейнетке шығу жасы болатұғын. Бұл жолғы Жолдауында Президент қоғам үніне құлақ түріп, әйелдердің зейнетке шығу жасы 61-ге дейін төмендейтінін мәлімдеді. Халықтың әл-ауқатын көтеру жолындағы нақты жоспарлар бүгінде іске асып келеді. Соның бірі - ұлттық қор табысының 50 проценті балалардың есепшотына жиналады, - деген сөзінен аңғаруға болады. Әрине, бұл бағдарламалық ұсыныстардың бір күнде, бір мезетте орындала қалуы мүмкін емес. Сондықтан да мектеп ұжымы Жолдауда айтылған ұсыныстар мен тапсырмаларды қабыл алып, оны орындау жолында еліміздің дамуы мен көркеюіне өз үлестерін қосуға ниет білдірді.




Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай « Ұлт қуаты тілінде» атты әдеби кездесу өткізілді.

Мақсаты:

1. Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат беру.

2. Ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүюге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу

3. Оқушылардың танымдық деңгейін дамыту

8-11 сыныптар арасында «Тіл мәртебесі-ел мәртебесі» атты ашық тәрбие сағаты өтті.

8 сынып оқушылары А. Байтұрсынұлының қырық мысалынан «Егіннің бастары» атты қойылым көрсетілді.



Қазан айында « Отбасы – тәрбие бастауы» атты 5-6 сыныптар арасында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым - қатынасты қалыптастыру. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқорлық жасауға, сыпайы, іптипатты болуға тәрбиелеу. Сабақтың әдісі: Сұрақ - жауап, пікір алысу, өз ойын ортаға сала білу.








« Өз оқулығымызды күте білеміз бе?» Оқулықты аялайық! Сыныптар арасында оқулықтарға рейд

Мақсаты: оқулықтарын таза ұстау,кітап ережелерімен таныстыру болды Оқулықтардың ұсталуын тексеріп рейдке шығып, бақылауға алдық.







«Қарты бар ел – қазыналы ел» атты ата-әжелермен дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты:Оқушыларды адамгаршілікке, қайырымдылыққа, жақсы үлгі-өнегеге, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор, болу қасиеттеріне, мейірімділікке, қарияларды құрметтеуге тәрбиелеу, ұнамды-ұнамсыз, әдепті-әдепсіз қылықтарды ажырата білуге үйрету .Оқушы бойына адамгершілік, парасаттылық қасиеттерін қалыптастыру;





«Оқып көрейік, бұл қызық!» мектеп оқушыларын кітап оқуға тарту

Мақсаты:көркем әдебиет оқуға баулу. Оқушылар осы тақырыпта қызықты мәліметтер жинап , шағын буклеттер жасап, оқып таныстырып берді.










« Ең қызықты кітап» атты іс-шара өткізілді.
Мақсаты: оқушыларды көркем әдебиетке назар аударып қызықтыру, өздеріне ұнаған і кітабын басқа оқушыға беріп,сол баланың оқуына кеңес беру;



25 қазан Республика күні

Мектеп кітапханасында 5-11 сыныптар арасында 25 қазан Республика күніне орай « Менің Отаным-Қазақстан» көрме ұйымдастырылды.

Мақсаты : «Республика күні» Тәуелсіз Қазақстанның тарихымен таныстыру, оң өзгерістерін насихаттау; Отанға патриоттық сезімін ояту.



Қазанның 28- ші жұлдызында И. Құтпанұлы атындағы орта мектепте"Ұрпақ тәрбиесі: Жаңа Қазақстан біліміне тың және орнықты көзқарас"атты IV республикалық форум өтті. Аталған форумда "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Кітап - өмірлік ұстаз" атты іс-шара өткізілді.

Іс шараның мақсаты: «Оқуға құштар мектеп» жоба картасы бойынша ата-ана, ұстаз , оқушылардың оқу мәдениетін арттыру, көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру,сөздік қорын молайту, күштеп емес ерікті түрде кітап оқуға машықтандыру, сыни ойлауға жетелеу. Заманауи мектеп оқушысының рухани-адамгершілік және интеллектуалдық дамуының шарты ретінде оқу сауаттылығын қалыптастыру және жетілдіру.

Іс-шараға қала, облыс, аудан, республика қонақтары қатысты. Форумка келген қонақтармен «Әдебиеттік тосап» атты тренинг ойынымен басталды. «Мен оқыған бір кітап» ата-аналар арасында, «Оқитын адам табысты адам» мұғалімдер арасында, « Менің сүйікті кітабым» оқушылар арасында жобасы іске асырылды. Келген қонақтар өз пікірлерін ортаға салып, өте белсенділік танытты. Қатысушыларға іс-шара соңында алғыс хат табысталды.







Балалар жылына арналған «Ақмола жұлдыздары» облыстық көркемөнерпаздар халық шығармашылығы «Балауса балғын – таланттар!» байқауының Аршалы ауданының халық қолданбалы және бейнелеу өнерлерінің шеберлерінің көрмесі өтті. Көрмеге Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің 3 сынып оқушысы Нурасылова Нурай қатысты.

Алматы қаласының «Қазақстан» - қонақ үйі макетін апарып, қорғады. «Қазақстан» - қонақ үйі, Алматы қаласының орталығында орналасқан республикалық дәрежедегі жоғары класты мейманхана. Өзінің ерекше пішінімен бұл қонақ үй — Алматы қаласының символдарының бірі екені жайлы айтып өтті.

# Оқуға құштар мектеп# Бір сыныппен бір кітап оқу# Оқып көрейік, бұл қызық!

2б сынып жетекшісі Онгарбаева Дина Баймаханқызы өз сыныбында «Оқуға құштар сынып» аясында оқушыларды кітап оқуға баулу, қызығушылықтарын арттыру мақсатында сыныппен бірге кітап оқуға кеңес беріп, көркем әдебиет оқу бұрышы ұйымдастырылды.



#Оқуға құштар мектеп Танысыңыз! Оқыңыз! Жаңа кітаптар!

Мектеп кітапханасына келіп, жаңадан түскен кітаптармен танысып, алып оқыңыздар!

Кітап оқып, рухани  бай  болыңыздар!








Құрметті кітап сүйер қауым!

Қараша айы бойы " И.Құтпанұлы атындағы орта мектеп"КММ- нің мектеп кітапханасы оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінде оқырмандардың сұранымындағы кітаптардың тапшылығына байланысты және заманауи бағыттағы жаңа кітаптардың кітап қорында сирек болуына орай қайырымдылық акциясы өтілді.
Акцияға қолдау көрсетілді.







**«Мен оқыған бір кітап» «Ең ғажап ертегі» «Әжемнің ертегілері»**

Сынып ата-аналарының арасында көркем әдебиет оқуды насихаттау, отбасылық кітап оқу марафоны және үзілісте кітап оқимыз атты іс-шаралар өткізілді.

Мақсаты: Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Әрбір тұлғаның кітап оқу арқылы кітапқа деген сүйіспеншілігін ояту. Оқырманның кітапқа деген ерекше көзқарасын қалыптастыру. Әрбір тұлғаның ой-өрісін кеңейтіп, білім алудағы кітаптың маңыздылығын айқындау, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру. Оқыған кітаптың қызықты, мағыналы түйінін анықтау мақсатында ұйымдастырылған тәрбиелік іс шара.Сынып жетекшіге,кітапханашыларға,ата-аналарға қажет.Әрбір бала бір жұлдыз,сол жұлдыздардың жарқырауына себепші оның ұстазы мен қолындағы кітабы.Ертегі әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру. Ертегілердің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту:









Желтоқсан айында Әдебиеттанушы, жазушы М.Әуезов «Абай жолы» қалай жазды? Оқушылармен бірге шығармаға тарихи шолу және көрме ұйымдастырылды.

Мақсаты: Қазақ тұрмысын осыншалық дәл көрсеткен әрі Абайдай ұлт мақтанышын идеалдық тұлғаға айналдырып, дүниежүзіне танытқан М.Әуезов туралы ұғындыру;





«Оқуға құштап мектеп» жобасы бойынша «Мен де оқимын, сіз де оқыңыз» атты сынып аралық кітап оқу мәдениеті ұйымдастырылды.

Мақсаты: Әрбір тұлғаның ой-өрісін кеңейтіп, білім алудағы кітаптың маңыздылығын айқындау, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру. Оқыған кітаптың қызықты, мағыналы түйінін анықтау мақсатында ұйымдастырылған тәрбиелік іс шара.





Желтоқсан айында Базар жырау Өтемісұлының туғанына 180 жыл толуына орай «Базар жырау мұрасы» атты Жібек жолы балалар кітапханасының кітапханашылары мен И. Құтпанұлы атындағы орта мектептің ұстаздары, шәкірттері бірлесіп, Балқы Базар жыраудың туғанына 180 толуына орай мерекелік іс–шара өткізді. Жыраудың өнеріне, өміріне кеңінен тоқталып, жырларынан үзінділер оқылды. Базар бабамыздың халық ауыз әдебиетіндегі мол қазынасы, тарихи тағылымды мұралары ұрпақ жадында мәңгі сақталары сөзсіз.




Жыраудан үзінді

**«Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы - көркем сөз оқу сайысы «Тәуелсіздік – ел тірегі. Көрме**

«Тәуелсіздік – орындаған армандар» атты кітапханада кітаптар көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың Отанға, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру; Өлеңді мәнерлеп оқуға машықтандырып, есте сақтау қабілеттерін дамыту, Түрі: Өлеңді мәнерлеп оқу сайысы

Көрнекілігі: Қанатты сөздер.





Қаңтар айында **"Оқы және өзгеге ұсын!" Буккроссинг**

«Оқы және өзгеге ұсын!» атты буккроссинг жобасын ұйымдастырылды.

Мақсаты: Кітап оқуды насихаттау, оқуға деген қызығушылығын арттыру, рухани мәдениетін көтеру

# Кітапхана айдары
# Оқуға құштар сынып
# Буккроссинг
Көркем әдебиет кітап оқуды насихаттау,оқуға деген қызығушылықтарын арттыруда мектеп кітапханасы " Оқы және өзгеге ұсы... Ещё








#ОҚУҒАҚҰШТАРМЕКТЕП #Көркем_әдебиетке қызығушылық

#қысқыдемалыстакітапоқимыз

#ҚарқызыОралхан_Бөкей

"Оқуға құштар мектеп"жобасы аясында оқушыларға қысқы демалыста кезінде үйде кітап оқу марафоны болды.Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектебінің оқушылары қыстық каникулда ата-аналарымен аңыз, әңгіме, ертегі, поэзия кітаптарын оқып мазмұндап оқыған кітаптармен бөлісіп отырды. Сондай-ақ Оралхан Бөкейдің "Қар қызы" атты кітабын QR кодпен эл нұсқасын әлеуметтік желілер арқылы тауып алып оқыды, шығарманың мазмұнын баяндады






#Бірелбіркітапакциясы #Төлен_Әбдікұлы #2023_жыл_таңдауы ЖЫЛ КІТАБЫН БІРГЕ ОҚИЫҚ!

"Бір ел - бір кітап" Республикалық акциясы аясында Төлен Әбдікұлының шығармаларын оқу ұсынылды.










#Оқуға_ құштар _ұлт #Оқуға_құштар _мектеп

#Кітап оқудың 7 пайдасы:

1. Кітап оқу – қоршаған ортаны, дүниені және өзін тануға көмектеседі.
2. Кітап оқу – жадыны және ойлауды дамытады. Яғни, көп оқыған адам жады мықты, тез ойлап, тез қорыта алады.
3. Кітап оқу – талдауға, сараптауға, өзіндік жүйелі пікір қалыптастыруға үйретеді.
4. Кітап оқу – көптеген табыс пен жетістіктің ең басты негізі.
5. Кітап оқу – адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіп, әдемі сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.
6. Кітап оқу – сөздік қорды байытады және жалпы сауаттылық деңгейін арттырады.
7. Кітап оқу – адам бойында бұғып жататын шығармашылық қабілеттерді дамытады.

#Оқуға _құштар _мектеп 2023

🔰"Біз оқыдық, сен де оқы!"
тақырыбында 5 "Б" сыныбын оқушылардың көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру мақсатында "Алдар көсе" ертегісіне бастауыш сыныптарға сауал қойып, талдау жасап, ертегі оқуға шақырды

🔰 Кітап оқу барысында оқушылар 3D, 4D форматындағы кітаптарды "Big Dream" бағдарламасы арқылы тамашалады.
Сынып жетекшісі Абдулина Гульдарай Жанабайқызы.







#Бүгін ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күні.

Бүгін менің туған күнім,
ой, пәлі- ай! ..
#9 сынып оқушылары
Қаратай Ақтолқын
Күмісбек Балауса
Арғынбай Фатима
Рысбаева Назерке




Ауған ақиқаты Оқушылармен тарихи сабақ

# Көркем әдебиеткеқызығушылық_арттыру
«Оқуға құштар мектеп» жоспары бойынша «Барлығымыз оқимыз» атты сынып сағаты өтілді. Ұйымдастырушылар орыс тілі және әдебиеті пән мұғалімдері Гүлнар Естайқызы мен Дана Уалиханқызы. 9"В" сынып оқушылары оқыған шығармаларынан үзінді айтып, өзара сұрақ қойып, пікір алмасты. Кітап оқу қай заманда болмасын өз бағасын жоғалтпайды. Қазіргі таңда өскелең ұрпақтың оқу сауаттылығын арттыру мақсатында қолға алынған жұмыстардың бірі.



#МЕН КІТАП ОҚЫҒАНДЫ ЖАҚСЫ КӨРЕМІН

2023 жылдың 14 ақпан күні мектебімізде Ресурс орталығының II сессиясына келген оқушылар арасында "Кітап -алтын қазына" атты дөңгелек үстел өткізілді.

Өткізілген шараның мақсаты:Білім алушылардың жалпы мәдени ой-өрісін кеңейту, білім алушылардың шешендік сөйлеу өнері дағдыларын қалыптастыру, оқуға қызығушылық қабілеттерін дамыту. Бабатай және Жалтыркөл негізгі мектеп оқушылары өздері оқыған әдеби кітаптары жайлы ойларымен бөлісті.




«Менің кейіпкерім» Шығарма оқу, мазмұндама жазу байқауы

# Оқуға құштармектеп

# Проект «Читающая школа»

2-4 сыныптар арасында "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында орыс халқының балалар жазушысы С.Я Маршактың шығармашылығы бойынша"Жиналмалы кітапша" байқауы өтті.

Ал ,7-8 сыныптар арасында орыс халқының атақты жазушысы К.Паустовскийдің мерейтойына орай шығармашылығына арнап буклет,альбомдар, буктрейлер байқауы болып өтті. Байқауға қатысқан оқушылар марапатталды.Байқауға жауапты орыс тілі мен әдебиет пән мұғалімдеріне алғыс білдіреміз.
























«Ғарышқа сапар»

Қазақтың тұңғыш ғарышкері Т. Әубәкіровтың туғанына 76 жыл және ғарышқа ұшқанына 31 жыл

Мақсаты:

Оқушыларға ғарыш әлемі, қазақ ғарышкерлері жайлы түсінік беру, таным деңгейлерін кеңейту.

Ғарышкерлерге деген сүйіспеншілік пен қызығушылыққа тәрбиелеу

Көрнекілігі: слайд, ғарыш туралы суреттер




